



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

GRI 2-9 Қордың Директорлар кеңесі

ДК құрамына кіру күні

Директорлар кеңесінің мүшесі, лауазымы

ДК құрамына кіру күні

Директорлар кеңесінің мүшесі, лауазымы

2024 жылдың 6 ақпаны	 Бектенов Олжас Абайұлы	Директорлар кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	2023 жылдың 17 тамызы	 Мұхаммед Джамиль Исмаил Әл Рамахи	Тәуелсіз директор
2025 жылдың 12 сәуірі	 Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі	2022 жылдың 1 шілдесі	 Жәмішев Болат Бидахметұлы	Тәуелсіз директор
2023 жылдың 4 сәуірі	 Жақыпов Нұрлан Қаршағұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы	2020 жылдың 9 шілдесі	 Сутера Лука	Тәуелсіз директор
2024 жылдың 19 қазаны	 Вонг Хэн Файн	Тәуелсіз директор			



Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Қордың корпоративтік басқару кодексінің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Қордың қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесі Қор туралы Заңға, Кодекске және Жарғыға сәйкес өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген әрекеттерді жүзеге асыру кезінде дербес және тәуелсіз болады.

Портфельдік компаниялардағы Директорлар кеңесі компаниялар қызметінің ашықтығын, заңдылығын және тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Олар атқарушы органдарды басқаруға, даму стратегиялары мен жоспарларын іске асыруға жауапты болады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін нығайтуға бағытталған шараларды бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін болады. 2025 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамында Директорлар кеңесінің құрамында болу мерзімі бір жылдан аз болған екі мүшесі, Директорлар Кеңесінің құрамында болу мерзімі бір жылдан астам төрт мүшесі, және үш жылдан астам болған бір мүшесі кіреді.

2024 жылы Қордың Директорлар кеңесінің 17 отырысы өткізілді. Барлығы 83 мәселе қаралды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданып, 202 тапсырма берілді. Директорлар кеңесінің отырыстарындағы басты мәселелердің бірі Жалғыз акционер айқындаған тізім шеңберінде Қор тобы іске асыратын инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болды.

Директорлар кеңесі отырыстарының саны

Көрсеткіш	2021	2022	2023	2024
Отырыстар саны	10 (8 бетпе-бет/ 2 сырттай)	18 (12 бетпе-бет/ 6 сырттай)	20 (8 бетпе-бет/ 12 сырттай)	17 (4 бетпе-бет/ 13 сырттай)
Сұрақтар саны	116	121	111	83

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ

GRI 2-9 Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау критерийлері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленеді және Қордың Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережеде және Қордың тәуелсіз директорларын конкурстық іріктеу қағидаларында айқындалады.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамы мынадай тұлғалар қатарынан қалыптастырылады: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі - Қордың Жалғыз акционерінің өкілі, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, төрт тәуелсіз директор, Қордың Басқарма Төрағасы.

GRI 2-10 Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды

GRI 2-10 Қордың Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар ескеріледі:

- басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- жұмыс өтілі;
- халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- іскерлік бедел;
- ұйымның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

GRI 2-10 Комплаенс Қор тобының бөлімшелері портфельдік компаниялардың үміткерлерінің⁴⁵ тәуелсіздік критерийлеріне⁴⁶ сәйкестігі және аффилиирленгендігі, үміткерді Директорлар кеңесінің/Байқау кеңестерінің мүшелері ретінде сайлау үшін кандидаттар тізіміне енгізер алдында мүдделер қақтығысы туралы қорытындылар береді.

Қордың корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 60%-на дейін құрайды.

⁴⁵ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары Директорлар кеңестері мен Бақылау кеңестерінің құрамын қалыптастыру жөніндегі Ережеге сәйкес.

⁴⁶ Тәуелсіздік критерийлері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған.



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

● Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

GRI 2-9

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына 7 адам кіреді, оның ішінде 4 - тәуелсіз директорлар, олардың үлесі 57%-ды құрады, бұл алдыңғы қатарлы халықаралық практикаларға сәйкес келеді.

Қазақстан заңнамасының, Қордың корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Қор компаниялары қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, жоспарлары мен салалық бағыттарын ескере отырып, портфельдік компанияларда Директорлар кеңестері мен Бақылау кеңестерінің кәсіби құрамын сапалы жаңарту бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде.

Директорлар кеңесінің құрамы тиісті салалық сараптамасы мен жұмыс тәжірибесі бар үздік сарапшыларды тарту арқылы белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жаңартылады, бұл Қордың IPO жүргізетін портфельдік компаниялары шеңберінде ерекше маңызды болып табылады. Соңғы екі жылда біз портфельдік компаниялардың Директорлар кеңесінің құрамын едәуір нығайттық. Жаңа құзыреттер мен қызықты жаңа тәжірибелер енгізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

GRI 2-18 Жыл сайын біз «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің жұмыс тиімділігіне кешенді бағалау жүргіземіз. Бағалау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Директорлар кеңесінің құрамына кіруіне байланысты 2023 жылы жаңартылған «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Төрағасы, мүшелері мен Корпоративтік хатшы қызметінің қызметін бағалау туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қордың ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Қор Директорлар кеңесін бағалау үшін өзін-өзі бағалау әдісін де, тәуелсіз кеңесшіні тарта отырып бағалауды да қолданады.

GRI 2-18 Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады және Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау үшін негіз болады.

2024 жылы Директорлар кеңесі төрағасының басшылығымен Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның комитеттеріне және корпоративтік хатшының қызметіне өзін-өзі

бағалау түрінде сауалнама жүргізу арқылы Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілді. Жалпы, Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына оң баға беріп, Директорлар кеңесі Қордың миссиясын, көзқарасын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын толық түсінетінін және негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жоғарыда айтылғандардың барлығын ескеретінін атап өтті.

Есепті жылы портфельдік компаниялардағы Директорлар кеңесі мен Бақылау кеңестерінің қызметіне бағалау жүргізілді. Бағалау нәтижелеріне сәйкес, Директорлар кеңестері мен Бақылау кеңестерінің жұмысы барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді және Директорлар кеңестері мен Бақылау кеңестерінің қызметті тиімді жүзеге асыратындығы туралы жеткілікті растау бар. 2024 жылғы қызметті бағалау белгіленген тәртіппен 2025 жылы жүргізілетін болады.

БАСҚАРМА

Басқарма оның ағымдағы қызметін басқаруға, Даму стратегиясы мен жоспарын іске асыруға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Қордың жалғыз акционері қабылдаған шешімдердің орындалуына жауапты алқалы атқарушы орган болып табылады. Қор Басқармасының қызметі ұлттық заңнамамен, Жарғымен, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен, сондай-ақ Басқарма туралы Ережемен және Қордың өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарма төрағасы Жалғыз Акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына Стратегия және активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директор қызметін атқарған Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловты қоса алғанда, 6 мүше кірді. Оның өкілеттігі 2025 жылдың 26 наурызынан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.

**Басқарманың қазіргі құрамында
(2025 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша) төрт ер адам
және бір әйел бар.**